

«Дәулет Серікбаев
атындағы Шығыс
Қазақстан техникалық
университеті»
КеАҚ



НАО «Восточно-
Казахстанский
технический университет
имени Даулета
Серикбаева»

БЕКІТЕМІН
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ»
КеАҚ-ның
Бірінші проректоры



С. Рахметуллина

шваря 2022 ж.

«Болашақ капиталы» жобасы аясында

«ШҚТУ Аруы-2022»
Сұлулық байқауының ережесі

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 1.1 Байқау гендерлік теңдік саясатын қолдау мақсатында, қазіргі қазақстандық қоғамның мәдени, әлеуметтік, қоғамық өмірінде қазақстандық жас ұрпақтың әйелдер бөлігінің рөлін арттыруға бағытталады;
- 1.2 Студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға қолдау көрсету;
- 1.3 Жеке тұлғаның мәдениетін, сұлулығын, үйлесімділігі мен дамуын насихаттау, гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- 1.4 Эстетикалық талғамға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, сондай-ақ студенттік шығармашылықты насихаттау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында танымал ету, қаланың, республиканың лайықты байқауларына қатысу үшін контингентті анықтау.

2. Байқауды өткізу мерзімі

2.1 Аталмыш байқау 4 кезеңде өткізіледі:

1-кезең: үміткерлерден өтінім қабылдау – 2022 жылғы 25 қаңтардан 6 ақпан аралығы

2 кезең: іріктеу кезеңі (кастинг) –2022 жылғы 7 ақпаннан 11 ақпанға дейін

3 кезең: дайындық кезеңі – 2022 жылғы 14 ақпаннан 7 сәуірге дейін

4 кезең: финалдық кезең – 2022 жылғы 8 сәуір

3. Байқауға қатысу шарттары және іріктеу

3.1. Байқауға ШҚТУ-да күндізгі бөлімде оқитын қыздар қатыса алады.

Іріктеу турының критерийлері:

- сөйлеу мәдениеті;
- импровизация;
- эрудиция;
- сыртқы деректер

3.2 Байқауға қатысу үміткерлерден өтінім алған сәттен бастап тіркеледі.

3.3 өтінімдерді қабылдау мерзімі-2022 жылғы 6 ақпаннан кешіктірмей

3.4 өтінімдер 2022 жылдың 25 қаңтарынан 6 ақпанына дейін (Г-1-201 ауд.) қабылданады, Instagram аккаунты @ektu.studlife

3.5 Өтінім берген барлық үміткерлер, 2022 жылдың 7 ақпаны мен 11 ақпаны аралығында ШҚТУ акт залында өтетін іріктеу турына шақырылады (іріктеу кезеңін өткізудің нақты күні қосымша хабарланады).

3.6 Іріктеу кезеңінен кейін, байқаудың қорытынды кезеңіне өткен сайыскерлер 4 апта бойы дайындықтан өтеді. Дайындық кезінде қатысушылармен хореограф, фотограф, сценаристер, визажистер, қоюшылар жұмыс істейді. Байқауға қатысушылар конкурстың тұсаукесерлері мен баспасөз конференцияларына қатысады.

3.7 Байқауға дайындалу үшін әр қатысушының жаттығуға арналған киімі мен аяқ киімі болуы тиіс.

Байқау финалының бағдарламасы келесі жиынтықтардан тұрады:

1. «Визит карточкасы» би дефилесі (сымбаттылық сайысы, қыздар көпшілік алдында сахнада өзін ұстау қабілетін көрсететін дефиле өнері);

2. «Қыздары бар елімнің бір еркесі» (ұлттық қазақ киімдерін қыздар, би дефилесінде көрсетеді);

3. «Егеменді елдің тірегі – білімді қыздар» (LED экранда қыздарға сұрақтар қойылған ұяшықтар ұсынылады, олар қазақ халқының тарихы, аспаздық, салт-дәстүрге қатысты білімдерін, сондай-ақ қосымша интерактивті тапсырмаларға жауап берулері тиіс);

4. «Махаббат. Ғашықтық. Сұлулық» соңғы кезең, қимыл-қозғалыстың әсемдігін, сыртқы келбетін, сахнада тұрысы мен қозғаласын кешкі көйлекпен көрсетеді;

5. Марапаттау рәсімі

4. Байқаудың номинациялары

4.1 Байқау нәтижесі бойынша бас номинациялар анықталады:

- «ШҚТУ аруы – 2022»;
- 1-ші ШҚТУ вице-аруы – 2022»;
- 2-ші ШҚТУ вице-аруы – 2022»;

4.2 Қосымша номинациялар:

* «Көрермен көзайымы аруы» университеттің білім беру порталында онлайн-дауыс беру арқылы анықталады;

* «Ару» (демеушілерден).

4.3 Мадақтау номинацияларын демеушілер белгілейді.

4.4 Барлық қатысушылар ынталандыру жүлделері мен сыйлықтарға ие болады.

4.5 «ШҚТУ аруы – 2022» атағының иегері Университеттің атынан қалалық, республикалық сұлулық байқауларына қатысуға жолдама алады.

5. Байқауды ұйымдастырушы:

5.1 Әлеуметтік-мәдени қызмет және жастар саясаты басқармасы

6. Ұйымдастыру комитеті:

6.1 Ұйымдастыру комитеті байқауды дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты жүзеге асырады:

- байқауға қатысушыларды анықтайды;
- үміткерлердің өтінімдерін қабылдайды және өндейді;
- бағдарламаны және ұйымдастыру жоспарын бекітеді;
- байқаудың жалпы тұжырымдамасын әзірлейді;
- қатысушылармен топтық және жеке жұмыс жүргізеді;
- байқаудың сметасын жасайды;
- демеушілерді тартады;
- жарнамалық науқанның жоспарын анықтайды;
- қажетті мамандарды тартады;
- қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

6.2 Ұйымдастыру комитеті, мүшелерінің көпшілігінің шешімімен апелляциясыз тәртіппен, байқау іс-шараларының тәртібін орындамаған, байқау ережелері мен осы Ережені бұзған, сондай-ақ өзге де себептермен, байқауға қатысушыларды (байқауға қатысуға үміткерлерді), байқауға қатысушылар қатарынан шығаруына құқығы бар.

7. Байқаудың қазылар алқасы

7.1 Қазылар алқасының құрамына қала әкімшілігінің және қаланың қоғамдық ұйымдарының өкілдері, белгілі мәдениет қайраткерлері, суретші-сәнгерлер, баспасөз өкілдері, «ШҚТУ Аруы – 2022» байқауының құрылтайшылары мен демеушілері (серіктестері) шақырылады.

7.2 Қазылар алқасының құрамын байқаудың Ұйымдастыру комитеті бекітеді және байқау кезінде жарияланады.

7.3 Байқауға үміткерлерді іріктеу сайыс қағидаты бойынша жүргізіледі.

7.4 Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау мынадай көрсеткіштер негізінде жүргізіледі:

- сахнада тұру және қозғалу қабілеті;
- ой-өріс;
- эстетикалық талғам;
- импровизация қабілеті;
- әзілді түсіне алу сезімі;
- шығармашылық қабілеттер мен әртістік шеберлік;
- түрінің келісті болуы


7.5 Қазылар алқасының шешімі нақты болып табылады және қайта қаралмайды, өзгеріске жатпайды.

Байқауға қатысуға өтінім:

Байқауға қатысуға үміткерлер сауалнаманы толтырып, іріктеу басталғанға дейін Ұйымдастыру комитетіне ұсынуы қажет. (1 қосымша)

Дайындаған:

ӘМҚ және ЖС басқармасының
Project manager-i



В. Хван

Келісілді:

ӘМҚ және ЖС басқармасының
басшысы



Г. Жанабаева

Байқауға қатысуға өтінім

Аты-жөні	Туған жылы	Факультет (мектеп), топ, оқу түрі	Шығармашылық кабілет пен әуесқойлық

Байланыс телефоны: 8 7__ _____

Қатысушы осы Ережені қабылдай отырып, байқауға қатысты барлық ұйымдастырушылық, жарнамалық науқандардың, сондай-ақ байқау мен қатысушыларды танымал ету жөніндегі өзге де іс-шаралардың, байқауды ұйымдастыру комитетінің **рұқсатымен және келісімімен** ғана өткізілетіндігімен келіседі.